



МУРАТБАЕВNEWS

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы

30.11.2025 | ЖЕКСЕНБІ



Басылым №3

КҮЗГІ ЖӘРМЕҢКЕ

Алтын түске боялған көңілді күз келісімен, мектебімізде дәстүрлі күзгі жәрмеңке ұйымдастырылады!

Бұл жәрмеңкеде сізді түрлі дәмдер мен тәттілер, ерекше қолөнер бұйымдары, оқушылардың өз қолымен жасалған шығармашылық жұмыстары, сондай-ақ ойындар мен шағын сайыстар күтіп тұр. Күздің көтеріңкі көңіл-күйін сезініп, бір-бірімізбен қуаныш бөлісетін тамаша мүмкіндік!

Жәрмеңкеден түскен қаражат игі істерге жұмсалмақ.

Баршаңызды шаттыққа толы, шуақты күзгі мерекенің қонағы болуға шақырамыз!

МЕКТЕПІШІЛІК КҮЗГІ ЖӘРМЕҢКЕ!

- 📅 Өтетін күні: 7 қазан 2025 ж.
- 🕒 Басталу уақыты: 12:00 сағатта
- 📍 Өтетін орны: Спорт залы

Күз – молшылық пен берекенің мезгілі!

Биздің жәрмеңкеде сіздерді күтеді:

- 🍎 Дәмді тағамдар мен үй өнімдері
- 🎨 Қолөнер бұйымдары
- 🎭 Көңілді ойындар мен байқаулар
- 🎵 Ән мен би, жақсы көңіл-күй

Түскен қаражат — мектеп қажеттіліктеріне және қайырымдылық жұмсалады.

Келіңіздер! Достарыңызбен, сыныптастарыңызбен бірге көңілді уақыт өткізіңіздер!



1-11 СЫНЫПТАР АРАЛЫҒЫНДА

«Үздік сынып сағаты»

байқауы

“АДАЛ АЗАМАТ” БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА

Сынып сағаттары арқылы оқушылардың азаматтық ұстанымын, патриоттық сезімін, мәдени-этикалық тәрбиесін, жауапкершілігін, қауіпсіздік дағдыларын және әлеуметтік құзыреттілігін дамыту мақсатында мектеп мұғалімдері арасында шығармашыл, жаңашыл, тиімді педагогикалық тәсілдерді анықтап, үздік үлгілерді практикаға енгізу.

ҮЗДІК СЫНЫП САҒАТЫ

Іс-шара “Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында ұйымдастырылып, оқушылардың азаматтық ұстанымын, патриоттық сезімін, мәдени-этикалық тәрбиесін және әлеуметтік жауапкершілігін арттыруды көздейді. Байқаудың мақсаты – тиімді педагогикалық тәжірибелерді анықтап, үздік үлгілерді оқу үдерісіне енгізу. Шара 17–30 қараша 2025 жыл аралығында тіркеу арқылы өтеді.

МУРАТБАЕВNEWS

Грек-рим күресінің чемпионымен кездесу!

Бүгін гимназиямызда грек-рим күресінің чемпионы Юсуф Ашраповпен әсерлі кездесу өтті. Оқушылар спортшының жетістікке жету жолы, еңбекқорлығы мен табандылығы туралы тың ақпарат алып, өз мақсаттарына жету үшін жігер мен рухтың маңызын ұғынды. Бұл кездесу жас ұрпақты спортқа қызықтырып, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандырды.



Кездесу барысында чемпион жастарға өз тәжірибесінен мысалдар келтіріп, кез келген жетістіктің негізінде тәртіп, қажырлы еңбек және өз-өзіне деген сенім жататынын атап өтті. Спортшы оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, жаттығу үдерісі, жеңіс пен жеңілістен алған сабақтары туралы бөлісті. Шара соңында гимназия оқушылары Юсуф Ашраповқа алғыстарын білдіріп, оның ақыл-кеңестерін алдағы уақытта өз өмірінде қолдануға ниет білдірді. Мұндай тағылымды кездесулер оқу орнының тәрбиелік жұмысының маңызды бөлігіне айналып, жас буынның мақсаткерлігін арттыруға ықпал етпек.

МУРАТБАЕВNEWS

Күзгі жәрмеңке – 2025!

Бүгін Ғани Мұратбаев атындағы гимназияда дәстүрлі «Алтын күз» жәрмеңкесі өтті. Іс-шараның мақсаты – оқушыларды еңбексүйгіштікке, ұжымшылдыққа және табиғатты аялауға тәрбиелеу. Жәрмеңкеге 5-8 сынып оқушылары белсене қатысып, өз қолдарымен дайындалған тағамдар мен бұйымдарын ұсынды. Мерекелік көңіл-күй, ән мен би, әсем безендірілген үстелдер – бәрі де алтын күздің көркін арттырды





Жәрмеңке барысында оқушылардың еңбегі әділ бағаланып, ең креативті безендірілген үстелдер мен дәмі ерекше тағамдар атап өтілді. Ата-аналар қауымы мен мұғалімдер де шараға қатысып, жас шеберлердің ынтасы мен шығармашылығына жылы лебіздерін білдірді. «Алтын күз» жәрмеңкесі тек мерекелік шара ғана емес, оқушылардың кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға, жауапкершілік пен ұйымшылдықты қалыптастыруға себеп болды. Дәстүрге айналған бұл мереке гимназияның тәрбиелік жұмысының маңызды бөлігі ретінде оқушылар жүрегінде жағымды әсер қалдырды.

МУРАТБАЕВNEWS

«Қыз болашағы – ел болашағы» декадасы

Гимназияда «Қыз болашағы – ел болашағы» атты декада өз бастауын алды. Декаданың мақсаты – жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қыз баланың инабаттылық, ибалық, әдептілік қасиеттерін қалыптастыру, оларды отбасылық өмірге, қоғамдағы белсенді азаматтық ұстанымға баулу. Декада барысында түрлі бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылады: танымдық сағаттар, пікірталастар, дөңгелек үстелдер, шығармашылық байқаулар мен көрмелер өтті. Оқушылар мен ұстаздар қыз тәрбиесіндегі ұлттық салт-дәстүрлердің маңызы жайлы ой бөлісіп, қыз баланың қоғамдағы орнын айқындайды. Осындай іс-шаралар арқылы жасөспірімдер өз бойындағы ізгі қасиеттерді дамытып, ұлттың болашағына жауапкершілікпен қарауды үйренеді. Себебі қыздың тәрбиесі – ұлттың тәрбиесі, қыздың абыройы – елдің абыройы!



МУРАТБАЕВNEWS

Телефонды арнайы жәшікке салу – тәртіп пен зейін кешілі!

САБАҚ БАСТАЛАР АЛДЫНДА ӘР ОҚУШЫ ӨЗ ТЕЛЕФОНЫН АРНАЙЫ ЖӘШІККЕ САЛАДЫ.

БҰЛ – ОҚУ ҮРДІСІНЕ ТОЛЫҚ КӨҢІЛ БӨЛУГЕ, ТӘРТІПТІ САҚТАУҒА ЖӘНЕ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЖАҚСАРТУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.
БІЛІМ – БАСТЫ НАЗАРДА!



Саналы ұрпақ – тұрақты қоғам НЕГІЗІ



Кездесудің мақсаты – оқушылар арасында діни сауаттылықты арттыру, жастарды ұлттық құндылықтар мен зайырлы қоғам қағидаттарына сай тәрбиелеу.

Шара барысында инспектор Т. Мірсабіров жасөспірімдерге дәстүрлі емес діни ағымдардың зияны туралы айтып, интернет кеңістігіндегі жалған ақпараттардан сақтану жолдарын түсіндірді. Сондай-ақ, оқушылардың қойған сұрақтарына нақты мысалдармен жауап беріп, өз ойын ашық жеткізді.

Бүгін, гимназияда Жамбыл облысы әкімдігі «Дін проблемаларын зерттеу орталығының» Байзақ ауданы бойынша инспекторы Мірсабіров Т. мырзамен кездесу өткізілді.



Кездесу оқушыларға үлкен ой салып, олардың діни мәдениетін қалыптастыруға, рухани-адамгершілік құндылықтарды бойларына сіңіруге ықпал етті. Осындай тағылымды кездесулер жас ұрпақтың саналы, отансүйгіш әрі рухани бай тұлға болып қалыптасуына жол ашады.

МУРАТБАЕВNEWS

Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі

Бүгін мектебімізде «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында іскер аналармен мазмұнды кездесу өтті. Кездесудің мақсаты – ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қыз баланың болашағына жауапкершілікпен қарау, ана мен мектеп арасындағы тәрбиелік байланысты нығайту. Шара барысында іскер аналар қыз тәрбиесіндегі отбасының рөлі, әдеп пен инабат, заманауи ортадағы қыз баланың өзін-өзі ұстау мәдениеті жөнінде өз тәжірибелерімен бөлісті. Сонымен бірге оқушыларға үлгі болатын еңбекқорлық, табандылық, тәртіп, жан-жақты білім мен әсем мінез қалыптастыру бағытында құнды кеңестер берілді. Жиналған қыздар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, өмірлік маңызы бар тақырыптар төңірегінде ашық пікір алмасты. Кездесу жылы атмосферада өтіп, жасөспірім қыздарға мотивация, ата-аналарға серпін берді. Осындай маңызды іс-шаралар арқылы ұлттық тәрбиені ұлықтап, қыздарымыздың бойына инабат, ілтипат, парасат сияқты асыл қасиеттерді дарыту – баршамыздың ортақ міндеті.



МУРАТБАЕВNEWS

«ҚЫЗЫМ, САҒАН АЙТАМЫН...» аудандық дәрігерлермен кездесу

Гимназиямызда «Қызым, саған айтамын...» тақырыбында аудандық орталық аурухананың дәрігер-мамандарымен кездесу өтті. Шараның мақсаты – өсіп келе жатқан жасөспірім қыздардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру, жеке бас гигиенасы, қауіпсіздік, жауапкершілік және өз денсаулығына ұқыпты қарау мәселелері бойынша мағыналы ақпарат беру.

Кездесуге әйелдер консультациясының дәрігерлері, гинеколог және жалпы тәжірибе мамандары қатысып, жасөспірім кезеңіндегі физиологиялық өзгерістер, қыз баланың психологиялық ерекшеліктері, денсаулықты сақтау жолдары, зиянды әдеттердің алдын алу туралы кеңінен түсіндірді. Қыздар өздерін толғандырған сұрақтарын еркін қойып, кәсіби мамандардан нақты жауап алды.

Дәрігерлер қыздардың өмір салты, дұрыс тамақтану, спорттың маңызы, эмоционалды тепе-теңдік және ерте профилактиканың денсаулыққа әсері жөнінде құнды кеңестер берді.

Кездесу ашық пікір алмасу форматында өтіп, жасөспірім қыздардың бойына өзін-өзі құрметтеу, жеке шекара, денсаулыққа жауапкершілік және мәдениетті мінез-құлық туралы маңызды түсініктер қалыптастырды. Бала денсаулығы – қоғам денсаулығы. Ал қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесінің өзегі. Осындай пайдалы басқосулар жас ұрпақтың саналы, салауатты болашағына бағытталған маңызды қадам болып табылады.



МУРАТБАЕВNEWS

«Балалар кітапханасы» жобасы аясындағы ерекше кездесу!

Бүгін гимназиямызда ата-аналар кітап оқу сайысы өткізілді. Мақсат – отбасылық оқуды дәріптеу, кітапқа деген қызығушылықты арттыру және ата-ана мен баланың арасындағы рухани байланысты нығайту.

Сайыс барысында ата-аналар өз баласымен бірге сүйікті шығармаларын оқып, мазмұнын талдап, кейіпкерлерге мінездеме беріп, шығармадан түйген ойларымен бөлісті. Балалар ата-аналарымен бірге кітап оқудың қызықты әрі пайдалы екенін тағы бір мәрте сезінді.



Кітап – білім мен тәрбиенің бастауы. Отбасылық оқудың мәнін көтеретін бұл шара ата-аналарға да, оқушыларға да ерекше шабыт сыйлады. Қатысушылар белсенділік танытып, өздерінің оқу мәдениетін көрсетіп, ұйымшылдықтың үлгісін көрсетті. Іс-шара соңында барлық қатысушыларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Біз кітап сүйер отбасылардың көбейе беруіне тілектеспіз!

МУРАТБАЕВNEWS

Бала құқығы – басты назарда!

Бүгінгі өткізілген рухани сұхбаттың негізгі мақсаты – балалардың өз құқықтарын білуі, өзіне және өзгелерге құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру.

Әрбір баланың қауіпсіз ортада өмір сүруге, білім алуға, еркін ойын айтуға, дамуы мен қорғалуға толық құқығы бар.

Осы кездесуде оқушыларға адамгершілік құндылықтар, өзгені тыңдай білу, әділдік пен жауапкершілік жөнінде түсінік беріліп, күнделікті өмірде құқықтық нормаларды сақтаудың маңызы талқыланды.

Балалар – біздің болашағымыз, ал олардың құқығын қорғау – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Әр бала құрметке лайық, әр дауыс естілуі тиіс!



МУРАТБАЕВNEWS

Кітап – ақылдың кені, рухани байлықтың бастауы

Кітап – адамды адам ететін, оның ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын байытатын ең құнды қазына. Оқу арқылы біз жаңа әлемдерді танып, өткеннің тәжірибесін игеріп, болашаққа нық қадам жасаймыз.

Бүгінгі ақпарат ағымында кітаптың рөлі ешқашан төмендемейді – керісінше, саналы ұрпақ тәрбиелеудің негізгі тірегіне айналады.

Кітап оқыған бала – білімді, ойлы, өзіндік көзқарасы қалыптасқан тұлға.

Сондықтан кітап оқу мәдениетін отбасыда да, мектепте де дамыту – басты міндет.

Білімге бастар жол – кітаптан басталады!



МУРАТБАЕВNEWS


Мамандық таңдау – маңызды іс!

Әр адамның болашағы, өмір жолы мен табысты карьерасы дұрыс таңдалған мамандыққа тікелей байланысты. Мамандық – тек жұмыс емес, ол адамның қызығушылығын, қабілетін, армандарын жүзеге асыратын өмірлік бағыт.

Бүгінгі өзгерістерге толы заманда жасөспірімдердің өз болашағына саналы түрде қарап, жүрек қалауына сай мамандық таңдауы өте маңызды. Өйткені әрбір таңдаудың артында үлкен жауапкершілік, еңбек және мақсат жатыр.

Мектеп қабырғасында берілетін кәсіби бағдар – оқушыға өз қабілетін тануға, болашағын айқындауға, дұрыс шешім қабылдауға жол ашады.

Мамандықты жүрекпен таңдау – болашаққа салынған ең маңызды қадам!



МУРАТБАЕВNEWS

«Әже ертегісі – бала жүрегінің шамшырағы»

Бүгін, гимназиямызда «Әже ертегісі – бала жүрегінің шамшырағы» атты іс-шара сәтті өтті. Іс-шара барысында оқушылар әжелердің ертегілерімен танысып, олардың тәрбиелік мәнін түсінді.

Балалар ертегілерді тыңдап қана қоймай, өз ойларын бөлісті, сүйікті кейіпкерлер туралы әңгімеледі және шығармашылық тапсырмалар орындады. Әжелердің даналығы мен ертегілердегі құндылықтар – балаларға адалдық, мейірімділік, достық сияқты маңызды қасиеттерді түсінуге көмектесті.

Бұл іс-шара балалардың қиялын дамытып, рухани байлығын арттырып, отбасы мен дәстүрге деген құрмет сезімін күшейтті. Қатысушылар белсенділік танытып, жағымды эмоциялар алды. Іс-шара соңында балалар мен әжелерге естелік сыйлықтар табыс етілді.



МУРАТБАЕВNEWS

Құқық және қоғам тақырыбында

23 қараша күні мектебімізде құқықтық мәдениетті қалыптастыруға арналған мазмұнды "DIRECTOR CUP" пікірсайыс турнирі өтті. Оқушылар заңның қоғамдағы рөлін, азаматтық жауапкершілікті және әділдік қағидаларын талқылап, өз көзқарастарын еркін қорғады.

Турнир оқушылардың сыни ойлауын, шешендігін және дәлелдеу қабілетін дамытуға үлкен серпін берді.



ЖЕҢІМПАЗДАР

"Жұлдыздар"

- Маматкулова Айгерім
 - Мұрат Нұрислам
- #### "Duo Logic"

- Бүркіт Алижан
- Меңілбек Ескендір

"Сөз шеберлері"

- Бердібек Әдемі
 - Сайлау Амина
- #### "Айқын"

- Несіпбек Айбике
- Ермек Айзере

МУРАТБАЕВNEWS

“Жас қырандар” әскери - патриоттық сайысы

Бүгін мектебімізде жас ұрпақты Отанды сүйеге, елге адал қызмет етуге, жауапкершілік пен батылдық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған әскери-патриоттық іс-шара өтті.

Іс-шара барысында оқушылар: саптық дайындық, әскерилерше біркелкі марш жасау, АК-74 макетін шашып-жинау, газтұмылдырық кию, төтенше жағдай кезіндегі әрекеттер, спорттық жарыстар (кермеге тартылу, секіртпе секіру, гир көтеру) сияқты жаттығуларды орындап, өз шеберліктерін көрсетті.

Жас сарбаздар тәртіп, ұйымшылдық, жылдамдық пен дәлдікті танытып, өздерінің әскери дайындыққа деген қызығушылықтарын айқын көрсетті. Сонымен қатар оқушыларға Қазақстан Қарулы Күштерінің рөлі, әскери борыштың маңызы және бейбіт күннің бағасын түсіндіретін түсіндірме әңгіме жүргізілді.

Іс-шара жас буынның бойында: отансүйгіштік, ерлікке құрмет, жауапкершілік, тәртіп пен шыдамдылық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталды.

Жеңімпаздар арнайы грамоталар мен марапаттармен атап өтілді.

Бұл шара – жас ұрпақты елін сүйетін, ел қорғай алатын, рухы биік азамат етіп тәрбиелеудің жарқын бір көрінісі болды.



МҰРАТБАЕВNEWS

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

БІР ЕЛДІ МЕКЕНДЕ ТАҒДЫРДЫҢ ТАЛҚЫСЫНА ТҮСКЕН ЖЕТІМ БАЛА ӨМІР СҮРІПТІ. АУЫЛ АДАМДАРЫНЫҢ ӘРҚАЙСЫСЫ ӨЗ ТІРЛІГІМЕН ӘУРЕ, АЛ ЖЕТІМГЕ ЖАНАШЫР ТАБЫЛА БЕРМЕЙДІ ЕКЕН.

СОЛ БАЛА КҮНДЕ ДАЛАНЫҢ ҚОЙНАУЫНА ҚАРАЙ КЕТІП, ЖАЛҒЫЗ ОТЫРЫП ОЙҒА ШОМАТЫН. ОНЫҢ ЖАЛҒЫЗ ТІЛЕГІ – МЕЙІРІМ МЕН ТҮСІНІСТІК ТАБУ ЕДІ. БІРДЕ АУЫЛДЫҢ ҮЛКЕНДЕРІ ОНЫҢ МҰҢАЙЫП ЖҮРГЕНІН БАЙҚАСА ДА, МӘН БЕРМЕЙ ӨТЕ ШЫҒАТЫН.

АЛАЙДА БІР АҚКӨҢІЛ ӘЙЕЛ БАЛАНЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІН ТҮСІНІП:

— ҚАРАҒЫМ, ЖАЛҒЫЗ ЕМЕССИҢ. ЕҢ БАСТЫСЫ – ҮМІТІҢДИ ҮЗБЕ, — ДЕП ЖЫЛЫ СӨЗ АЙТАДЫ.

СОЛ СӨЗ БАЛАҒА ҮЛКЕН КҮШ БЕРЕДІ. ОЛ ӨМІРГЕ ДЕГЕН СЕΝІМІН ҚАЙТА ЖАНЫП, ЕҢБЕКҚОР БОЛЫП ӨСЕДІ. УАҚЫТ ӨТЕ АУЫЛ АДАМДАРЫ ДА БАЛАНЫҢ ШЫДАМДЫЛЫҒЫН, САБЫРЫН КӨРІП, ОҒАН ҚАМҚОРЛЫҚ ТАНЫТА БАСТАЙДЫ.

ЖЕТІМНІҢ ЖҮРЕГІНДЕГІ ЖАЛЫН ОНЫҢ ӨЗ ТАҒДЫРЫН ӨЗІ ӨЗГЕРТУГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ. АЛ АУЫЛ БІРТІНДЕП МЕЙІРІМНІҢ ҚАДІРІН ТҮСІНІП, БҰРЫНҒЫҒА ҚАРАҒАНДА ЖҰМСАҚ, ЖАНАШЫР БОЛА ТҮСІПТІ.



**Ш. МҰРТАЗА.
«АЙ МЕН АЙША»**